

Өткізілген күні: 11.12.2023ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, жұмыс ережесімен таныстыру, жұмыс жоспарын құру
2. Тәуекел тобындағы, түрлі есептерге алынған оқушылармен тәрбиелік-коррекциялық жұмыстардың жүргізілуі
3. Мектептегі медициналық жұмыстың мониторингі

тыңдалды:

1-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Р. Абдуллин :

Жарқамыс орта мектебі КММ нің әрі қарай дамуына ықпал ету, материалдық техникалық базасын күшейтуге, мектептің өзін-өзі басқару қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Қамқоршылық кеңес құрылды. Қамқоршылық кеңестің құрамына : білім беру ұйымының әкімшілігі, ауылдық учаскелік инспектор, жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестер өкілдері, білім алушылардың ата-аналары алынып, кеңес мүшелерінің құрамы бекітілді. Кеңес төрайымы Нұрдәулет Ғаинижамал Қайырғалиқызы, хатшысы Әбдіғаликова Г болып бекітілді.

2-мәселе бойынша мектеп психологы Ж. Серғазина:

Мектебімізде ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған оқушы жоқ. Әр түрлі әлеуметтік жағдайны байланысты мектепішілік есепке алынған оқушылар бар. құрылған жоспарға сәйкес бұл оқушылардың тәртібі мен мектептен тыс уақыттағы жүріс тұрысы үнемі бақылауға алынады. Олардың сабаққа қатысымы, үлгерімі жан-жақты қадағалануда. Бұл оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін мектепішілік үйірмелерге қатысуына ықпал жасалды.

3- мәселе бойынша мектеп медбикесі Қойшыбай Көркем

Мектеп оқушыларының тазалығы, денсаулық жағдайы үнемі қадағаланып, тексеріліп отырады. 5-6 жастағы балдарды мектепке қабылдау кезінде 026 анықтамасына жалпы аудандық емханадан тексеруден өткізіледі. сонымен қатар жылына бір рет дәрігерлер тексеруден өткізу ұсынылады. Мектеп медбикесі ретінде оқушыларды тексеріп, бақылап отырамын. қоғамда болып жатқан жағдайлар, әр түрлі ауруларға қатысты, тазалық сақтау тұрасында түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізіп отырамын.

жиналыс қаулысы:

1. Тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыстар күшейтіліп, ата-аналарымен оқушылармен тұрақты түрде жұмыстар жүргізілсін;
2. Оқушылардың денсаулық жағдайына байланысты бақылау жұмыстары күшейтілсін

Жиналыс төрайымы:                      Ғ.Қ. Нұрдәулетова

мүшелері:                                      Қыдыров Ә  
    Сазанов Ұ  
    Рахманова Б  
    Қалиев Ө  
    Сұлтанова М  
    Аманиязова Ж  
    Жұмағалиев С

Жиналыс хатшысы                              Әбдіғаликова Г